10	Жагсыбай Нұрасыл Нуралұлы	6	8
11	Жүсіпәлі Әлихан Жасұланұлы	7	7
12	Закир Нұрбек Батирұлы	6	5
13	Илияс Азиза Хамидқызы	8	5
14	Избасарова Айгерим Муратовна	6	4
15	Көнебай Сержан Игілікұлы	9	7
16	Қайрғали Роман Саламатұлы	4	
17	Қатарбай Бекарыс Мейманұлы	6	9
18	Мұратбай Хадиша Темуркызы	8	7
19	Мұхамметжан Нұрислам Наурызұлы	7	
20	Нұрлан Мерей Бауыржанқызы	8	7
21	Омархан Бейбарыс Нұрлыбекұлы	3	6
22	Оразбай Саят Нұрланұлы	4	5
23	Сали Аянат Косайқызы	4	7
24	Темірхан Нұрбану Жантүгелқызы	7	6
25	Ясиын Шыңғыс Саттікалиұлы	5	
26	Дуйсенбай Дастан	0	6
27	Бердикожа Санжар	0	3
	5	4	2
	4	8	9
	3	9	11
	2	1	1
	Сапа	**54,5**	**47,8**
	Үлгерім	**95,4**	**95,6**
	1 тапсырма	7	10
	2 тапсырма	17	16
	3 тапсырма	9	3

4 «Г» сынып

Р/с	Оқушының аты - жөні	№1	№2
1	Аманша Айсәуле Доспанқызы	8	7
2	Аяпберген Сайлаубек Шапағатұлы	4	7
3	Алым Перизат Абайқызы	9	7
4	Бахытжан Ережеп Оңғарұлы	6	4
5	Байболат Расул Тулегенұлы		1
6	Баймукаш Рамазан Айткалыұлы	6	5

7	Балтабай Алдияр Асқарұлы	8	8
8	Бегжан Әмина Рашидқызы	3	5
9	Бексұлтан Сырым Джайбергенұлы	4	6
10	Ержанұлы Ұлан	9	8
11	Жиенбай Жасұлан Акгалиұлы	8	9
12	Жұмабай Ақтілек Маралбекұлы	3	5
13	Жоламан Айнұр Нұрахметқызы	8	7
14	Илесбай Дархан Мейирбекұлы	8	8
15	Кошекбаева Раушан Куралбаевна		4
16	Нұрахмет Аруназ Есенқызы	5	5
17	Сәтберген Асылназ Нұрболатқызы	7	8
18	Сабыр Абдурахман Нурмағанбетұлы	9	7
19	Таңатар Жансая Асқарқызы	6	8
20	Тожиғали Иасин Ербалұлы	7	7
21	Осман Жібек Маратқызы		
22	Ходжабеков Куаныш Муратбекович	6	7
23	Ерболкызы Ерке	0	4
	5	3	1
	4	7	12
	3	7	7
	2	2	1
	Сапа	**52,6**	**59**
	Үлгерім	**89,4**	**95,4**
	1 тапсырма	7	6
	2 тапсырма	16	21
	3 тапсырма	4	3

4 «Ғ» сынып

Р/с	**Оқушының аты - жөні**	**№1**	**№2**
1	Ақберді Ақтілек Бақытжанқызы	6	6
2	Байджигитов Жансерік Асауұлы	8	7
3	Батырғали Мөлдір Клышбайқызы	8	8
4	Базарбай Мүслім Дәуренұлы	9	5
5	Жайаман Санжар Нұржанұлы	7	4
6	Жумабай Айзере Мұхтарқызы	5	3
7	Жумабек Жанасбек Жанболатұлы	8	7
8	Жұмабек Жузетта Жанарбекқызы	6	8
9	Данатар Батыр Нурланұлы	8	6
10	Ерхан Досан Дауренбекұлы	6	5
11	Зулхаджы Абылайхан Асқарұлы	10	9
12	Каражанова Айару Ринатовна	10	7
13	Куванов Аскат Берикжанович	7	6
14	Кидирбай Иброхим Мухтарұлы	6	5
15	Қанат Адиля Талғатқызы	8	0

16	Қайратқызы Сандуғаш	9	8
17	Құбайдолла Диас Бахытжанұлы	4	5
18	Құбайдолла Мирас Бахытжанұлы	8	6
19	Мұхамбетали Мариям Нұрмұхамбетқызы	8	7
20	Нұрбай Айқын Болатбекұлы	5	5
21	Нұрбай Айдын Болатбекқызы	7	6
22	Нурум Санжар Даниярулы	7	7
23	Рзабек Амангелді Ерланұлы	0	4
24	Сарсенғали Рамазан Қыдыркелдіұлы	6	0
25	Тургали Тамирлан Ермекұлы	8	5
26	Мухаметжан Нурислам	0	5
	5	**4**	1
	4	**12**	8
	3	**8**	12
	2	**0**	3
	Сапа	**66,6**	**39**
	Үлгерім	**100**	**86**
	1 тапсырма	9	**8**
	2 тапсырма	14	**12**
	3 тапсырма	16	3

4 «Д» сынып

Р/с	Оқушының аты - жөні	№1	№2
1	Айтбай Мұрагер Дәулетұлы	5	4
2	Аманқос Мәди Мухтарұлы	2	1
3	Болат Инабат Мақсатқызы		7
4	Бекмурза Серік Маратұлы	6	6
5	Бакбергенова Анеля Асылбековна	6	7
6	Даулетниязов Ғани Кеңесбайұлы	9	4
7	Ерболек Айша Сүйинишқызы	10	8
8	Ерболек Фатима Нурболқызы	6	5
9	Ерназар Ақниет Тынығдыққызы	6	4
10	Жақсылық Нуриман Азаматұлы		4
11	Игдирбаев Алыбек Гувандыкович	0	1т
12	Закарияұлы Мұхаммедкерей	6	2
13	Кенгесбай Айару Жангабайқызы	9	5
14	Мұрат Едіге Акимбекұлы	2	3
15	Оразалы Жансая Талғатқызы	7	3
16	Рахматулла Алина Габитқызы	6	5
17	Сәттіғұл Исламбек Женисұлы	5	5
18	Тәжібай Рамазан Нұрдәулетұлы	6	3
19	Таңатар Ринат Амангелдиұлы	5	6
20	Убайдулла Асұлан Қәдірбекұлы	7	3

21	Убайдулла Жасұлан Қәдірбекұлы	7	4
22	Убайдулла Санжар Сабитұлы	1	1
23	Усенова Айым Бауржановна	6	7
	5	3	0
	4	3	4
	3	11	6
	2	4	13
	Сапа	**28,5**	**17**
	Үлгерім	**80.9**	**43**
	1 тапсырма	4	**7**
	2 тапсырма	16	**3**
	3 тапсырма	6	**1**

4 «Е» сынып

Р/с	Оқушының аты - жөні	№1	№2
1	Аманқос Асхат Рахымжанұлы	7	7
2	Алпамысова Анель Аскаровна	3	6
3	Байрамхан Рауан Султанбекұлы	6	9
4	Бегалы Марсель Пердебайұлы	9	8
5	Ербол Әбілмансұр Арманұлы		6
6	Иса Инабат Бағланұлы	5	
7	Иглек Назерке Асқарқызы		8
8	Каир Наурызбек Берікұлы	7	
9	Крым Әміржан Нұрғалиұлы	7	
10	Құрбанбай Кәусар Мақсатқызы	9	6
11	Маманбай Нұргүл Айдынбекқызы	4	7
12	Мейрам Әділет Асқарұлы	6	9
13	Максот Санжар Салауатұлы	3	6
14	Мырзаматдин Ерасыл Талгатұлы	6	9
15	Оразбай Самат Қайратұлы	2	2
16	Оразғали Бексұлтан Нұрдаулетұлы	8	9
17	Орақбай Ақнұр Ақылбайқызы	4	3
18	Оспанұлы Бақытжан	3	1
19	Пакуадин Ибрахим Қоңратбайұлы	6	7
20	Сансызбай Сағи Женісұлы	3	8
21	Сарсен Рухия Нұрланқызы	2	5
22	Сеилхан Анель Азаматқызы	3	3
23	Султан Абзал Туржан-Муратұлы	7	
24	Фарахатов Жасулан Асылбекович	7	6
25	Хайтбай Аружан Рахымжанқызы	6	5
	5	**2**	4
	4	**6**	6
	3	**8**	7
	2	7	4

	Сапа	**34,7**	**47,6**
	Үлгерім	**69.5**	**80,9**
	1 тапсырма	5	5
	2 тапсырма	8	6
	3 тапсырма	5	8

Жобадан күтілетін нәтиже:

• Оқушылардың оқу жетістіктері мен білім деңгейі кезең-кезеңімен тұрақтанып, білім сапасы жоғарылайды.

• Оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану қабілеті дамиды, логикалық ойлау, талдау, шешім қабылдау дағдылары қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы артады.

• Оқушылардың пәндер бойынша үлгерімі артып, білім алуға деген қызығушылығы артады.

• Бақылау жұмысының нәтижелерін талдау арқылы мұғалімдер өздерінің оқыту әдістерін жетілдіріп, тиімді тәсілдерді қолданады.

Ұсыныс:

1. Диагностика және мониторинг жүйесін күшейту

• Әр тоқсан сайын білім сапасының динамикасын бақылап, нәтижелерін талдау;

2. Оқыту әдістерін әртараптандыру

• Белсенді оқыту әдістерін (дебат, топтық жұмыс, кейс-стади, проблемалық оқыту) кеңінен пайдалану;

• Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен саралап жұмыс жүргізу.

3. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру

• Оқушының жетістігін ата-анамен бірлесе бақылау.

4. Мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету

• Үздік тәжірибелермен алмасу, коучингтер мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру;

• Мұғалімдердің рефлексия жасауына жағдай жасау.

5. Ата-анамен және мектеп қауымдастығымен байланыс

• Оқушылардың біліміндегі ілгерілеуді бірге бақылау;

• Үйде қолдау көрсету жолдары бойынша кеңестер беру.

4. ШЕШІМ ЕТТІ:

4. Оқушылардың физикалық дайындығын нығайту үшін спорттық секциялардың жұмысы жүйеленіп, жарыстардағы нәтижелерге тұрақты мониторинг жүргізілсін.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

5. «Uzdik» куратор жобасының жүргізілуі туралы.

Директордың бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары Т.А.Нурбаулова, жоба үйлестірушілері Г.А.Бекбасарова, Д.А.Узакбергенова, Қ.Д.Әбілова - баяндама мәтіні қоса ұсынылып отыр

Жоба мақсаты: 10-11 сынып оқушыларының 8-сынып оқушыларына білім сапасын арттыру және оқу процесіне қызықтыра отырып тарту мақсатында жоғары буын және орта буын оқушыларымен бірлескен жұмыс жүргізу

Жоба міндеті:

- өткізілетін тақырыптарға жоспар құру;
- кураторларды тағайындау;
- топтың құрамын анықтау;
- қызығушылығын арттыруда заманауи ойындарды қолдану;
- кері байланыс жасау.

Күтілетін нәтиже: 8 сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығы артып, білім сапасы көтеріледі. 10-11 сынып оқушыларында тақырыптық қайталау жүріп, ҰБТ ға дайындық жүреді.

Кураторлық сабақтарға сыныптардың таңдап алынуы

Пәні: химия

Пән мұғалімі: Бекбасарова Гулбану Айбулатовна

8 «А», 8 «В» сыныптарынан кіші топтар құрылды. Құрамында екпінді және үздік оқушылар бар.

Пән мұғалімі: Алмухашова Қамар Куралқызы

8 «Ж» сыныптарынан кіші топтар құрылды. Құрамында екпінді және үздік оқушылар бар.

Пән мұғалімі: Сауытбаева Сулушаш Калдыбаевна

8 «Ә» 8 «Б» 8 «Д» сыныптарынан шағын топтар құрылды.

Сыныптарға куратордың тағайындалуы:

Осы оқушылардың химия пәнінен білімін арттыру және әлсіз тұстарын жетілдіру мақсатында кураторлық сабақтар қойылды және кураторлар тағайындалды.

Куратор ретінде 10-11 сынып химия-биология бағытында оқушылар мен олимпиадаға қатысатын дарынды оқушылар алынды.

№	Сыныбы	2025-2026 оқу жылы	Пән мұғалімі
1	8 «А», «В»	Ережеп Ерғали Бахтибаева Жансая	Бекбасарова Гулбану
2	8 «Ә»	Мақсат Айкөркем Қалғанат Гүлназ	Сауытбаева Сулушаш
3	8 «Б», «Д»	Аяпберген Рамазан Долмұхан Құралбек	Сауытбаева Сулушаш
4	8 «Е»	Аймуханова Аружан Таджим Мадияр	Кокенова Мерует
5	8 «Г», 8 «Ғ»	Хыдыргельди Нурмухан Муратова Алия	Бекбасарова Гулбану
8	8 «Ж»	Маратова Альбина Джалғас Мадина	Алмухашова Қамар

Жоспарланған кураторлық сабақтардың өткізілуі. Өтілген тақырыптар бойынша және жүріп жатқан сабақтың тақырыптары бойынша сабақтар өткізілді.

Қамтылған тақырыптар:

- Энергетикалық деңгейлер

- Иондардың түзілуі
- Қосылыстар формуласын құрастыру
- Химиялық формулалар бойынша есептеулер
- Химиялық реакция теңдеулерін құру.
- Химиялық реакция типтері
- Металдардың оттекпен және сумен әрекеттесуі
- Масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы байланыс
- Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар.

Жоба аясында жоғары сынып оқушылары куратор ретінде 8-сынып оқушыларына «Энергетикалық деңгейлер» тақырыбы бойынша қосымша сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты - оқушылардың атом құрылысы және электрондардың энергетикалық деңгейлер бойынша орналасуы туралы білімін тереңдету, тақырыпты түсіну деңгейін арттыру. Сабақ барысында куратор-оқушылар атомның құрылысына қысқаша шолу жасап, электрондардың ядроны белгілі бір энергетикалық деңгейлерде айнала орналасатынын түсіндірді. Әр энергетикалық деңгейде орналасатын электрондар саны ($2n^2$ формуласы) мысалдар арқылы көрсетілді. Теориялық түсіндірме нақты элементтер (сутек, оттек, натрий) мысалында бекітілді.Сабақтың практикалық бөлімінде оқушыларға түрлі тапсырмалар орындатылды. Атап айтқанда:

- берілген элементтердің энергетикалық деңгейлерін анықтау;
- электрондардың деңгейлер бойынша орналасу сызбасын құрастыру;
- атом құрылысына байланысты тест тапсырмаларын орындау;
- электрондардың ауысуына байланысты сәйкестендіру және логикалық сұрақтарға жауап беру;
- жұптық және топтық жұмыс арқылы бір-біріне түсіндіру тапсырмалары.

Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, сұрақтар қойды. Кураторлар тарапынан түсіндіру қолжетімді тілде жүргізіліп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты. Қосымша сабақ нәтижесінде 8-сынып оқушылары энергетикалық деңгейлер тақырыбын жақсы меңгеріп, сабақта алған білімдерін бекітті. Жоғары сынып оқушылары куратор ретінде 8-сынып оқушыларына «Иондардың түзілуі» тақырыбы бойынша қосымша сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты - атомдардың электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осы үдеріс нәтижесінде иондардың түзілетінін оқушыларға түсіндіру. Сабақ барысында куратор-оқушылар атомның бейтарап күйі, яғни протондар саны мен электрондар саны тең болатыны туралы еске салды. Одан кейін атомның тұрақты электрондық конфигурацияға ұмтылатыны, осы мақсатта электронды жоғалту немесе қабылдау арқылы ионға айналатыны түсіндірілді. Электрон жоғалтқан атомның оң зарядты ион - катион, ал электрон қабылдаған атомның теріс зарядты ион - анион түзетіні нақты мысалдар арқылы көрсетілді. Теориялық түсіндіру барысында натрий атомының бір электронды жоғалтып Na^+ катионына, ал хлор атомының бір электронды қабылдап Cl^- анионына айналу үдерісі сызбалар арқылы түсіндірілді. Сонымен қатар, электрон алмасу нәтижесінде атомның заряды қалай өзгеретініне ерекше назар аударылды.

Практикалық бөлімде оқушылар келесі тапсырмаларды орындады:

- берілген атомдардың ионға айналуын анықтау (электрон жоғалту немесе қабылдау);
- катиондар мен аниондарды ажырату тапсырмалары;
- иондардың түзілуіне байланысты теңдеулерді толықтыру;
- тест тапсырмалары мен сәйкестендіру жұмыстары;
- жұптық жұмыс арқылы бір элементтің атомы мен ионын салыстыру.

Сабақ барысында 8-сынып оқушылары белсенділік танытып, тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Кураторлар тарапынан түсіндіру қолжетімді тілде жүргізіліп, тақырып бойынша негізгі ұғымдар толық меңгерілді. Қосымша сабақ нәтижесінде оқушылар атомдардың электрондарды қабылдау немесе жоғалту арқылы иондарға айналатынын түсіне алды. Жоғары сынып оқушылары куратор ретінде 8-сынып оқушыларына «Қосылыстар формуласын құрастыру» тақырыбы бойынша қосымша сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты - оқушылардың элементтердің валенттілігі мен ион зарядтарын ескере отырып, химиялық қосылыстардың формуласын дұрыс құрастыра алуын қалыптастыру. Сабақтың теориялық бөлімінде куратор-оқушылар химиялық қосылыстың бірнеше элемент атомдарынан тұратынын және олардың белгілі бір қатынаста байланысатынын түсіндірді. Элементтердің валенттілігі, ион заряды, сондай-ақ металл мен бейметалл арасындағы байланыс ерекшеліктері қарастырылды. Формула құрастыруда зарядтардың теңесу принципі және «айқастыру әдісі» (крест әдісі) нақты мысалдар арқылы көрсетілді. Түсіндіру барысында натрий хлориді (NaCl), кальций оксиді (CaO), алюминий хлориді ($AlCl_3$) сияқты қосылыстардың формулалары кезең-кезеңімен құрастырылды. Сонымен қатар, көпатомды иондардың (SO_4^{2-}, NO_3^-, CO_3^{2-}) қатысуымен түзілетін қосылыстарға да мысалдар келтірілді.

Практикалық бөлімде 8-сынып оқушылары келесі тапсырмаларды орындады:
- берілген элементтер бойынша қосылыс формуласын құрастыру;
- валенттілік немесе ион зарядтарын пайдаланып формуланы анықтау;
- қате құрылған формулаларды түзету;
- тест және сәйкестендіру тапсырмаларын орындау;
- жұптық және топтық жұмыс арқылы формула құрастыру жаттығулары.

Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Кураторлар тарапынан түсіндіру қарапайым әрі түсінікті тілде жүргізілді. Қосымша сабақ нәтижесінде 8-сынып оқушылары химиялық қосылыстардың формуласын өз бетінше дұрыс құрастыра алатын деңгейге жетті. Жоғары сынып оқушылары куратор ретінде 8-сынып оқушыларына «Химиялық формулалар бойынша есептеулер» тақырыбы бойынша қосымша сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты - оқушыларға заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу және элементтердің массалық үлесі бойынша заттың формуласын анықтау дағдыларын қалыптастыру. Сабақтың теориялық бөлімінде куратор-оқушылар химиялық формула бойынша есептеулердің маңызына тоқталып, салыстырмалы атомдық масса және молекулалық масса ұғымдарын еске салды. Элементтің массалық үлесін табу формуласы ω(элемент) = (элементтің салыстырмалы атомдық массасы × атом саны) / заттың

салыстырмалы молекулалық массасы × 100% түрінде түсіндірілді. Формула қолдану тәртібі қарапайым мысалдар арқылы кезең-кезеңімен көрсетілді. Сондай-ақ, элементтердің массалық үлесі белгілі болған жағдайда заттың формуласын табу алгоритмі түсіндірілді: массалық үлестерді шартты массаға айналдыру, мольдік қатынасты анықтау және ең қарапайым формуланы шығару жолдары қарастырылды.

Практикалық бөлімде оқушылар келесі тапсырмаларды орындады:
- берілген химиялық формула бойынша элементтердің массалық үлесін есептеу;
- бірнеше элементтен тұратын қосылыстарға есептер шығару;
- элементтердің массалық үлестері бойынша заттың формуласын анықтау;
- есептеу қадамдарын дұрыс орналастыруға арналған тапсырмалар;
- тест және жұптық жұмыс түріндегі есептер.

Сабақ барысында 8-сынып оқушылары есептерді орындауда белсенділік танытып, бір-біріне көмектесе отырып жұмыс жасады. Кураторлар есептерді шешу жолдарын түсінікті тілде түсіндіріп, оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауына бағыт берді. Қосымша сабақ нәтижесінде оқушылар химиялық формулалар бойынша есептеулерді сенімді орындай алды. Жоғары сынып оқушылары куратор ретінде 8-сынып оқушыларына «Химиялық реакция теңдеулерін құру» тақырыбы бойынша қосымша сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты - реакцияға қатысатын заттар мен түзілетін өнімдердің формуласын дұрыс жазу арқылы химиялық реакция теңдеулерін құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Сабақтың теориялық бөлімінде куратор-оқушылар химиялық реакцияның мәнін түсіндіріп, реакция теңдеуінің сол жағында реагенттер, ал оң жағында реакция өнімдері жазылатынын еске салды. Атомдардың сақталу заңы негізінде теңдеулерді теңестіру қажеттілігі түсіндірілді. Сонымен қатар, реакция теңдеуін құрудың кезеңдері: заттардың формулаларын жазу, атом санын есептеу және коэффициенттерді қою тәртібі қарастырылды. Түсіндіру барысында қосылу, айырылу, орынбасу және алмасу реакцияларының қарапайым мысалдары (мысалы, $Mg + O_2 \rightarrow MgO$, $CaCO_3 \rightarrow CaO + CO_2$, $Zn + HCl \rightarrow ZnCl_2 + H_2$) арқылы теңдеу құрастыру жолдары көрсетілді. Коэффициенттерді таңдау логикасы сызбалар және кестелер арқылы нақты түсіндірілді. Практикалық бөлімде 8-сынып оқушылары келесі тапсырмаларды орындады:
- берілген сөздік теңдеулерді химиялық теңдеуге айналдыру;
- реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формулаларын жазу;
- теңдеулерді коэффициенттер қою арқылы теңестіру;
- қате құрылған реакция теңдеулерін түзету;
- тест, жұптық және топтық жұмыс түріндегі тапсырмалар.

Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, реакция теңдеулерін құруға қызығушылықпен қатысты. Кураторлар тарапынан түсіндіру жүйелі және қолжетімді тілде жүргізілді. Қосымша сабақ нәтижесінде 8-сынып оқушылары химиялық реакция теңдеулерін өз бетінше дұрыс құрастырып, теңестіре алатын деңгейге жетті.

Жоғары сынып оқушылары куратор ретінде 8-сынып оқушыларына «Химиялық реакция типтері» тақырыбы бойынша қосымша сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты - оқушыларға химиялық реакцияларды типтеріне қарай жіктеу,

олардың айырмашылықтарын ажырату және нақты мысалдар арқылы түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сабақтың теориялық бөлімінде куратор-оқушылар химиялық реакция типтерінің негізгі түрлерін түсіндірді. Атап айтқанда, қосылу реакциясы, айырылу реакциясы, орынбасу реакциясы және алмасу реакциясы ұғымдары қарастырылды. Әр реакция типінің анықтамасы беріліп, реакция теңдеулерінің жалпы түрі түсіндірілді. Түсіндіру барысында қосылу реакциясына ($2H_2 + O_2 \rightarrow 2H_2O$), айырылу реакциясына ($CaCO_3 \rightarrow CaO + CO_2$), орынбасу реакциясына ($Zn + 2HCl \rightarrow ZnCl_2 + H_2$), алмасу реакциясына ($Na_2SO_4 + BaCl_2 \rightarrow BaSO_4\downarrow + 2NaCl$) нақты мысалдар келтірілді. Реакция типтерін анықтауда реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың саны мен құрамына назар аудару қажеттілігі түсіндірілді.

Практикалық бөлімде 8-сынып оқушылары келесі тапсырмаларды орындады:

- берілген химиялық реакция теңдеулерінің типін анықтау;
- реакция теңдеуін сәйкес типімен сәйкестендіру;
- сөздік сипаттама бойынша реакция теңдеуін құрастыру және типін анықтау;
- қате жіктелген реакция типтерін түзету;
- жұптық және топтық жұмыс арқылы талдау тапсырмалары.

Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, реакция типтерін ажыратуға дағдыланды. Кураторлар тарапынан түсіндіру түсінікті әрі жүйелі жүргізілді. Қосымша сабақ нәтижесінде 8-сынып оқушылары химиялық реакция типтерін дұрыс анықтай алды. Жоғары сынып оқушылары куратор ретінде 8-сынып оқушыларына «Металдардың оттекпен және сумен әрекеттесуі» тақырыбы бойынша қосымша сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты - металдардың оттекпен және сумен әрекеттесу ерекшеліктерін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру және реакция нәтижесінде түзілетін заттарды анықтау. Сабақтың теориялық бөлімінде куратор-оқушылар металдардың химиялық белсенділігі және олардың белсенділік қатары туралы түсінік берді. Металдардың оттекпен әрекеттесуі нәтижесінде металл оксидтері түзілетіні, ал сумен әрекеттесу кезінде металл гидроксидтері мен сутек газы бөлінетіні түсіндірілді. Реакцияның жүру шарттары (қыздыру, бөлме температурасы, бу күйіндегі су) атап көрсетілді. Түсіндіру барысында нақты мысалдар қарастырылды:

- магнийдің оттекпен әрекеттесуі: $2Mg + O_2 \rightarrow 2MgO$;
- темірдің оттекпен әрекеттесуі (тот түзілу үдерісі);
- натрийдің сумен әрекеттесуі: $2Na + 2H_2O \rightarrow 2NaOH + H_2\uparrow$;
- кальцийдің сумен әрекеттесуі: $Ca + 2H_2O \rightarrow Ca(OH)_2 + H_2\uparrow$.

Сонымен қатар, кейбір металдардың (мыс, күміс) сумен әрекеттеспейтіні түсіндірілді.

Практикалық бөлімде 8-сынып оқушылары келесі тапсырмаларды орындады:

- металдардың оттекпен және сумен әрекеттесуіне байланысты реакция теңдеулерін жазу және теңестіру;
- берілген металл бойынша реакцияның жүру-жүрмеуін анықтау;
- түзілетін өнімдерді болжау;
- реакция типін анықтау;

• тест және жұптық жұмыс тапсырмалары.

Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, реакция теңдеулерін құрастыруда жақсы нәтижелер көрсетті. Кураторлар тарапынан түсіндіру қарапайым және жүйелі жүргізілді. Қосымша сабақ нәтижесінде 8-сынып оқушылары металдардың оттекпен және сумен әрекеттесу заңдылықтарын түсініп, алған білімдерін практикада қолдана алды.

Жоғары сынып оқушылары куратор ретінде 8-сынып оқушыларына «Масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы байланыс» тақырыбы бойынша қосымша сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты - оқушыларға масса (m), молярлық масса (M) және зат мөлшері (n) арасындағы өзара байланысты түсіндіру және есептер шығару барысында осы шамаларды дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сабақтың теориялық бөлімінде куратор-оқушылар зат мөлшері ұғымына түсінік беріп, оның өлшем бірлігі – моль екенін еске салды. Молярлық масса ұғымы және оның өлшем бірлігі г/моль екені түсіндірілді. Масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы негізгі байланыс $n = m / M$, $m = n \cdot M$, $M = m / n$ формулалары арқылы көрсетілді. Формулаларды қолдану тәртібі нақты мысалдар арқылы кезең-кезеңімен түсіндірілді. Түсіндіру барысында су, ас тұзы, көмірқышқыл газы сияқты таныс заттар мысалға алынып, берілген масса бойынша зат мөлшерін, зат мөлшері арқылы массаны есептеу жолдары қарастырылды.

Практикалық бөлімде 8-сынып оқушылары келесі тапсырмаларды орындады:

- берілген заттың молярлық массасын анықтау;
- масса бойынша зат мөлшерін есептеу;
- зат мөлшері белгілі болған жағдайда массаны табу;
- формулаларды сәйкестендіру және толықтыру тапсырмалары;
- жұптық және тест түріндегі есептер.

Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, есептерді өз бетінше орындауға тырысты. Кураторлар есеп шығару алгоритмін түсінікті тілде түсіндіріп, қателермен жұмыс жүргізді. Қосымша сабақ нәтижесінде 8-сынып оқушылары масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы байланысты жақсы меңгеріп, есептерді сенімді шығара алатын деңгейге жетті.

Жоғары сынып оқушылары куратор ретінде 8-сынып оқушыларына «Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар» тақырыбы бойынша қосымша сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты - оқушыларға химиялық реакциялар кезінде энергияның бөлінуі немесе сіңірілуі мүмкін екенін түсіндіру және экзотермиялық пен эндотермиялық реакцияларды ажырату дағдыларын қалыптастыру. Сабақтың теориялық бөлімінде куратор-оқушылар экзотермиялық реакция кезінде жылу энергиясы бөлінетінін, ал эндотермиялық реакция кезінде энергия сіңірілетінін түсіндірді. Реакция теңдеулерінде энергияның бөлінуі «+Q» немесе «–Q» арқылы белгіленетіні және температура өзгерісі арқылы байқалатыны атап өтілді. Сонымен қатар, энергияның сақталу заңы туралы қысқаша мәлімет берілді. Түсіндіру барысында жану реакциялары экзотермиялық реакцияға, ал кальций карбонатының айырылуы және фотосинтез эндотермиялық реакцияларға мысал

ретінде қарастырылды. Нақты реакция теңдеулері арқылы энергия өзгерісі түсіндірілді.

Практикалық бөлімде 8-сынып оқушылары келесі тапсырмаларды орындады:

- берілген химиялық реакциялардың экзотермиялық немесе эндотермиялық екенін анықтау;
- реакция теңдеуіне энергияның бөлінуін немесе сіңірілуін белгілеу;
- күнделікті өмірден экзотермиялық және эндотермиялық реакцияларға мысал келтіру
- сәйкестендіру және тест тапсырмаларын орындау;
- жұптық жұмыс арқылы талдау тапсырмалары.

Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, реакция типтерін ажыратуда жақсы нәтижелер көрсетті. Кураторлар тарапынан түсіндіру түсінікті және жүйелі жүргізілді. Қосымша сабақ нәтижесінде 8-сынып оқушылары экзотермиялық және эндотермиялық реакциялардың айырмашылығын түсіне алды.

4. **Кураторлық сабақтардың нәтижесі.** Өткізілген сабақтардың нәтижесінде 8-сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығы артып, бақылау жұмыстарын жазуда және орындауда қатты қиындық келтірген тақырыптар болмады. Төмен баға алып жүрген оқушыларда алға деген ұмтылысы байқалды. Болашақта таңдау пәндерін химиямен байланыстырғысы келетін оқушылар да болды.

10-11 сынып кураторлары өздері сабақ өткізетін тақырыптарына алдын-ала тыңғылықты дайындалып жауапкершіліктері артты. Өткен тақырыптарды қайталап, түсінбей жүрген есептерін іздену арқылы және мұғалімнен бағыт-бағдар алу арқылы білімдерін одан әрі толықтырды.

1 тоқсан бойынша химия пәнінен 8 сыныптардың білім сапасы төмендегідей және келесі тоқсанға меже қойылды.

Сынып	Бала саны	I тоқсан сапа	Үлгерім	II тоқсан бала саны	II тоқсан сапа меже	Үлгерім	
8 "А"	23	58,3	100%	25	52	100%	Бекбасарова Г
8 "Ә"	23	48	100%	23	50	100%	Сауытбаева С
8 "Б"	20	50%	95%	22	50	100%	Сауытбаева С
8 "В"	23	47,8	100%	22	50	100%	Бекбасарова Г
8 "Г"	24	41,7	100%	25	42	100%	Бекбасарова Г
8 "Ғ"	22	50	100	24	50	100%	Бекбасарова Г

8 "Д"	23	50	100%	24	51	100%	Сауытбаева С
8 "Е"	24	37,5	100%	25	40	100%	Кокенова М
8 "Ж"	21	35	100%	21	40	100%	Алмухашова Қ
	203	**46,7**	**99,4**	**211**	**47,2**	**100%**	

Жобаның оқушыларға әсері

Төменгі сыныптар үшін:

- Пәнге деген мотивация күшейді;
- Химиялық ұғымдарды түсіну жеңілдеді;
- Сабаққа белсенді қатысу көрсеткіші артты;
- Жаңа материалды тез қабылдау дағдысы қалыптасты.

Жоғары сынып менторлары үшін:

- Көшбасшылық, жауапкершілік, коммуникация және түсіндіру дағдылары дамыды;
- Пәнге деген терең қызығушылық артты;
- Педагогикалық тәжірибе беретін алғашқы қадам жасалды.

Сынып	Қатысқан шара	Оқушы аты-жөні	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Жетекшісі
7-сынып	Жасөспірімдер олимпиадасы	Аймухан Інжужан	III			Кокенова М
8-сынып		Амангелді Ақтолқын	III			Алмухашова Қ
8-сынып	Ауыл олимпиадасы	Алдыбай Шамсия	+			Бекбасарова Г
		Мұрат Ерасыл	+			Алмухашова Қ
		Нұрқожа Каусар	+			
		Укенова Каусар Рахмет Динара Ержанқызы Алия	+ + +			Сауытбаева С
9-сынып		Құрбанбай Аружан	+			Бекбасарова Г
		Аймұхан Аружан		III		Кокенова М
10-сынып		Бахтибаева Жансая		II	III	Бекбасарова Г
		Ережеп Ерғали		III		

		Муратова Алия	+	+		Сауытбаева С
11-сынып		Сакенова Ақнұр		II	+	Бекбасарова Г
		Маратова Албина		II		Алмухашова Қ
		Джалғас Мадина		II		
		Нұрбол Надежда		III		
		Балтабай Ақниет	+			
10-сынып	Дарын ғылыми жобасы	Бахтибаева Жансая	I	I		Бекбасарова Г
11-сынып	Президенттік олимпиада	Сакенова Ақнұр	III			Бекбасарова Г
		Маратова Албина		III		Алмухашова Қ
		Джалғас Мадина	III			

Бұл кестеде оқушылардың биылғы оқу жылындағы олимпиадаға қатысу мониторингі көрсетілген. 8-сынып оқушыларын биылғы оқу жылында ауыл олимпиадасына 9-сыныптың атынан қатыстырып тәжірибе жинақтадаы. Нәтижесінде 6 оқушы аудандық деңгейге жолдама алды. Кураторлар тек қана өтілетін тақырыптарымен ғана шектеліп қоймай, олимпиадаға дайындық барысында көмектесті.

5. **Қорытынды**

Жоба өз тиімділігін дәлелдеп, мектепішілік «оқушы–оқушы» форматындағы менторлықтың тәрбиелік және білімдік маңызын көрсетті. Жобаның арқасында химия пәні бойынша үлгерім өсті, оқушылар арасында ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты, жоғары сынып оқушыларының белсенді азаматтық ұстанымы нығайды.

5. ШЕШІМ ЕТТІ:

5. 2-4 және 5-8 сыныптардағы білім сапасын арттыру мақсатында жоба аясындағы бақылау жұмыстары мен диагностикалық талдаулар мерзімінде орындалсын.

6. ТЫҢДАЛДЫ:

6. «Оқуға құштар мектеп» жобасы: «Үздік оқырман ата-ана» санын көбейту. Республикалық балалар оқуына қатыстырылуы туралы.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Т.А.Бустанова, Г.К.Рахметова, жоба үйлестірушілері Ж.Н.Байтурсынова, Ы.К.Есболова - баяндама мәтіні қоса ұсынылып отыр

Кітап - адамзат баласының рухани байлығы мен білімінің негізгі қайнар көзі. Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру мақсатында мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Жоба аясында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, оқу жылына сәйкес түрлі танымдық, интеллектуалдық және шығармашылық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Аталған жобаның жүзеге асырылып келе жатқанына үш жыл болып, бұл кезеңде оқушылардың кітапқа деген қызығушылығының артқаны байқалады.

Қыркүйек айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 4-сынып оқушылары арасында «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» атты танымдық сайыс өткізілді. Сайыс Wordwall бағдарламасы арқылы ұйымдастырылып, оқушылар мақал-мәтелдер мен жұмбақтарға жауап беру арқылы белсенділік танытты. Сайыс қорытындысы бойынша:

•«Зерек» тобы - I орын

•«Бәйтерек» тобы - II орын

•«Қыран» тобы - III орын иеленді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 33 жылдығына орай «Тәуелсіздік туы мәңгілік желбіресін» атты интеллектуалдық-танымдық ойын мектеп кітапханасында өткізілді. Шара 4 кезеңнен тұрып, 6-7 сынып оқушыларынан құралған «Алаш», «Сұңқар», «Қыран» топтары қатысты. Ойын барысында оқушылар ел тарихы, тәуелсіздік жолындағы маңызды оқиғалар туралы білімдерін көрсетті. Белсенді қатысқан топтар марапатталды.

Қараша айында «Дәстүрлі оқу жағдайында 20 минуттық оқу сағаты» ұйымдастырылды. Бұл шараға 4 «Ж» сынып оқушылары қатысып, берілген мәтін бойынша жеке оқу, жұптық және топтық талқылау жұмыстарын жүргізді. Шара оқушылардың мәтінді түсіну, өз ойын жеткізу дағдыларын дамытуға бағытталды.

Сонымен қатар, «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 2-10 сынып оқушылары арасында кітап оқу байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты - оқушылардың демалыс күндерін тиімді пайдалануға, кітап оқуға ынталандыру. Оқушыларға жас ерекшеліктеріне сай төмендегі әдебиеттер ұсынылды:

•2-3 сыныптарға: Б.Әділ «Қызықты қылықтар», Е.Өтетілеуұлы «Ғажайып буындар»

•3-4 сыныптарға: Г.Антуан «Аладдин және сиқырлы шам»

•5-6 сыныптарға: Ж.К.Роулинг «Хәрри Поттер мен пәлсапа тас»

•7-8 сыныптарға: Роальд Даль «Алып доскөңіл жігіт»

•9-10 сыныптарға: М.Жұмабаев «Тұран», М.Дулатұлы «Алашқа»

Байқауға жалпы 173 оқушы қатыстырылып, нәтижесінде белсенді оқушылар мадақтама қағаздарымен марапатталды.

Жоба аясында «Менің Отаным - менің Қазақстаным», «Республика күні - Ұлттық мереке» тақырыптарында кітап көрмелері ұйымдастырылды. Көрмеге

А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, А.Құнанбаев еңбектері, сондай-ақ «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, тарихи және танымдық кітаптар қойылды.

Сонымен қатар, 4-сынып оқушылары арасында кітап оқу марафоны өткізіліп, жүлделі орын алған оқушылар анықталып, марапатталды.

Ата-аналармен байланыс жұмыстары

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру барысында ата-аналармен тығыз байланыс орнатылды. Ата-аналарға балалардың кітап оқуына қолдау көрсету, үй жағдайында бірлескен оқу мәдениетін қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілері арқылы ата-аналарға ұсынылатын кітаптар тізімі жіберіліп, оқушылардың оқу барысы туралы кері байланыс алынды.

Кітап оқу байқаулары мен марафондар кезінде ата-аналар балаларын қолдап, оқу процесіне белсенді атсалысты. Кейбір ата-аналар тарапынан кітап сыйға тарту, көрме ұйымдастыруға көмек көрсету сынды қолдаулар көрсетілді. Бұл жұмыстар ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға оң әсерін тигізді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру барысында ата-аналардың іс-шараларға қатысу белсенділігі артты. Жыл басымен салыстырғанда ата-аналардың қатысу көрсеткіші айтарлықтай өсім көрсетті. Алғашқы кезеңде іс-шараларға ата-аналардың шамамен 25-30% қатысса, оқу жылының екінші жартысында бұл көрсеткіш 55-60%-ға дейін артты.

Ата-аналардың санының артуына жүргізілген түсіндіру жұмыстары, сынып жетекшілері арқылы тұрақты ақпараттандыру, ортақ кітап оқу шаралары мен марафондардың ұйымдастырылуы оң әсерін тигізді. Ата-аналардың мектеп пен бала арасындағы оқу процесіне белсенді араласуы оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығының артуына ықпал етті.

Қорытындылай келе, «Оқуға құштар мектеп» жобасы оқушылардың оқу белсенділігін арттырып, кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастыруда оң нәтиже берді. Жоба алдағы уақытта да жоспарға сәйкес жалғасын табады.

6. ШЕШІМ ЕТТІ:

6. Мектеп кітапханасымен байланысты нығайтып, «Үздік оқырман ата-ана» байқауы арқылы отбасылық оқу мәдениеті мен республикалық байқауларға қатысу белсенділігі арттырылсын.

7. ТЫҢДАЛДЫ:

7. Жастардың азаматтық белсенділігін арттырудағы жобалардың барысы туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Ж.Муханова, педагог-ұйымдастырушы А.Ж.Сейтагзимова - баяндама мәтіні қоса ұсынылып отыр

Жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған жобалардың мақсаты - жастардың қоғам өміріне саналы, жауапты және белсенді қатысуына жағдай жасау, олардың азаматтық ұстанымын, құқықтық мәдениетін және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру. Жастардың бастамашылдығын, көшбасшылық

қабілетін және сыни ойлауын дамыту; қоғамдық, әлеуметтік және еріктілік қызметке тарту;

Күтілетін нәтижелер:

- Азаматтық сана мен патриоттық құндылықтар қалыптасады

Жастардың Отанға деген жауапкершілігі, ел тағдырына бейжай қарамауы артады.

- Әлеуметтік белсенділік артады

Қоғамдық іс-шараларға, еріктілік қозғалыстарға, әлеуметтік жобаларға қатысатын жастар саны көбейеді.

- Көшбасшылық және коммуникациялық дағдылар дамиды

Өз ойын еркін жеткізу, пікірталас жүргізу, топпен жұмыс істеу қабілеті қалыптасады.

- Өзін-өзі басқаруға қатысу деңгейі көтеріледі

Жастар шешім қабылдау үдерістеріне араласып, бастамашылық танытады.

- Цифрлық және медиа мәдениет қалыптасады

Ақпаратты дұрыс пайдалану, жауапты онлайн мінез-құлық дағдылары артады.

- Белсенді жастарды анықтау және қолдау жүйесі қалыптасады

Жобалар арқылы дарынды, бастамашыл жастар іріктеліп, әрі қарай қолдау табады.

«Қалдықтарға жаңа өмір сыйла» жобасы аясында мектеп парламентінің жоспарланған жұмыстары жүзеге асырылуда. Түрлі қалдықтардан пайдаға жарамды заттар жасау керектігі ұсынылды. Пластик бөтелке қақпақтарынан және картонқағаздардан түрлі жаңа бұйымдар жасау ұсынылды. Сонымен қатар мектебіміздің «Келешекке үміт» командасы өздерінің жұмыс жоспарына сүйене отырып, 7-сыныптар арасында «Менің әсем-мектебім» тақырыбында «Үздік макет» жобасы арқылы қалдықтардан макет жасау сайысын өтті. Сайыстың мақсаты - оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту және эстетикалық талғамын арттыру. Қалдық заттарды тиімді пайдалану. https://www.instagram.com/reel/DQwhAQEjKhF/?igsh=eDliazJqMnc4cGI=

«Shogy Garden» жобасы бойынша, «Жасыл клуб» еріктілері жоспар бойынша өз жұмыстарын жасауды жалғасыруда. Мектептегі тазалықты сақтау жолдары аясында, өзгерлерге көмектесу, жасыл желектерді жақсарту шараларын ұйымдастырды. Жасыл клуб жобасын биология пәні мұғалімі Қ.Алмухаш жүргізіп келеді. 8 «Ж» сыныбымен жоспар бойынша жасыл клуб жұмысын жүргізіп, оқушылардың табиғатты қорғауға және қоршаған ортаны таза ұстауға деген ынтасын арттыруда. Әрбір жұмыс жоспар бойынша өткізіліп, оқушылардың жасыл клубқа деген қызығушылығын арттырып, бөлме гүлдерін өсіру жолдарын, табиғи материалдардан түрлі жұмыстар жасады. Жасыл алаңқайлар ұйымдастырып, оқушылардың табиғатқа қамқор болуға деген ынтасын арттырды. https://www.instagram.com/reel/DTJ5hwhjCFd/?igsh=OWtlY3pvcWVsaHRu

«Мамандықтар әлемін ашамыз» тақырыбында куиз сайысы өткізілді. Сайыстың негізгі мақсаты - оқушыларды түрлі мамандықтармен таныстырып, олардың қоғамдағы маңыздылығын түсіндіру және танымдық қызығушылығын арттыру болды. Сұрақтар мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қажетті дағдылар мен қабілеттерге байланысты құрастырылды.Сайыс барысында оқушылар дәрігер, мұғалім, инженер, құрылысшы, аспаз, IT маманы сияқты түрлі

мамандықтар туралы білімдерін көрсетті. Қатысушылардың ойлау жылдамдығы, тапқырлығы байқалды. «Мамандықтар әлемін ашамыз» куиз сайысы қызықты әрі мазмұнды өтті. Оқушылар белсенді қатысып, мамандықтар туралы білімдерін толықтырды. Іс-шара оқушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға және кәсіби бағдар беру жұмысының тиімділігін күшейтуге ықпал етті. https://www.instagram.com/reel/DTILi0tDU8b/?utm_source=ig_web_button_share_sheet&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Shogy гроссмейстері» жобасы айына бір рет өткізіліп тұрады. Жобаның мақсаты оқушылардың интеллектуалдық және логикалық қабілеттерін дамыту. Бұл жобаға шахматқа қызығушылығы бар оқушылар қатыса алады. Алғашында аталған жобамен таныстырылады. Ай сайын алдымен шеберлік сағаттары өткізіледі. Содан кейін әр ай соңында шахмат үйірмесіне қатысатын немесе шахматқа қызығушылығы бар оқушылармен шахмат олимпиадасы өтеді. Олимпиаданы мектептің шахмат жеңімпаздары мен өзін-өзі басқару ұйымы ұйымдастырады. Олимпиада қорытындысы шығарылып жеңімпаздар жүлделі орындарға ие болады. Шеберлік сағаты ретінде әр олимпиададан соң анализ жасалып, қатемен жұмыстар жүргізіледі. Мотивациялық кездесулер ұйымдастырылып, республика, облыс, аудан көлемінде шахматттан жеңімпаз атанған мұғалімдермен және оқушылармен кездесу өткізіледі. Кездесудің мақсаты оқушылардың шахмат ойынына деген қызығушылығын арттыру, логикалық ойлауын дамыту. Шахмат үйірмесінің жетекшілерімен де шеберлік сағаттары ұйымдастырылып тұрады. Бұл сабақ барысында шахмат үйірмесіне барып жүрген оқушылар өздерінің шахмат жайлы ойларын ортаға салады. Бір-бірімен шахмат ойнап жарысады. Белсенді топтар іріктеліп, мектепішілік «Shogy гроссмейстері» жобасы бойынша шахмат ойыны ұйымдастырылып, аудан,облыс,республикаға дайындық күшейтіледі.

Аталған жоба бойынша ұсыныс:

- Теорияны қысқа түсіндіріп, тәжірибелік ойындарға көбірек уақыт бөлу.
- Оқушылардың даму динамикасын бақылау үшін мониторинг және бағалау парақтарын қолдану.
- Ата-аналармен байланыс орнатып, үйде шахмат ойнауға қолдау көрсету туралы кеңес беру.
- Цифрлық ресурстарды (шахмат қосымшалары, онлайн-платформалар) орынды пайдалану.

https://www.instagram.com/reel/DQ9o_E-DJa3/?igsh=NHNlMTZrdDV0ejV2

Жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған жобаларға ұсыныстар:

- **Еріктілік жобаларын дамыту**

Қоғамдық, экологиялық, әлеуметтік бағыттағы еріктілер қозғалысын жүйелі ұйымдастыру (тазалық акциялары, көмек көрсету, қайырымдылық).

- **Азаматтық білім беру жобалары**

Конституция, құқық пен міндеттер, мемлекеттік рәміздер тақырыбында тренингтер, дебаттар, пікірталас алаңдарын өткізу.

- **Жастардың өзін-өзі басқару ұйымдарын қолдау**

- **Көшбасшылар кеңесін құру және олардың шешім қабылдауға қатысуын арттыру.**
- **Цифрлық азаматтықты дамыту**
- **Әлеуметтік желілерде жауапты мінез-құлық, медиа сауаттылық, фейк ақпаратты ажырату бойынша жобалар іске асыру.**
- **Белсенді жастарды ынталандыру жүйесін енгізу**
- **Алғыс хат, марапат, сертификат, гранттар арқылы белсенді жастарды қолдау.**

Қорытынды:

Мұндай жобалар белсенді, саналы, ел дамуына үлес қоса алатын жауапты азамат тәрбиелеуге бағытталады.

7. ШЕШІМ ЕТТІ:

7. Жастардың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру үшін азаматтық белсенділікке бағытталған жобалар мен еріктілер қозғалысының жұмысы жандандырылсын.

8. ТЫҢДАЛДЫ:

8. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру іс-шара жоспарын құру туралы.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Т.А.Бустанова, Г.К.Рахметова, қосымша білім беру педагогы Б.Ә.Игілік - баяндама мәтіні қоса ұсынылып отыр

Мерзімі: Қысқы демалыс кезеңі

Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары

Жауаптылар: Сынып жетекшілер, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар, педагог-психолог, әлеуметтік педагог

Мақсаты: Қысқы демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді, қауіпсіз және мазмұнды ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық, спорттық, танымдық және әлеуметтік белсенділігін арттыру.

Міндеттері:

Оқушыларды жас ерекшелігіне сай пайдалы іс-шараларға тарту

Қысқы демалыста қауіпсіздік ережелерін сақтауын қамтамасыз ету

Үйірмелер мен спорттық белсенділікті дамыту

Құқықбұзушылық пен бос сенделудің алдын алу

Қысқы демалыс кезеңіне арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шара атауы	1-4 сынып	5-8 сынып	9-11 сынып	Жауапты
1	«Менің қысқы демалысым»	Әңгіме, сурет салу	Тренинг	Жоспар құру, эссе	Сынып жетекшілер
2	Қауіпсіздік сағаты	Ойын түрінде	Нұсқаулық	Талқылау	Педагог ұйымдастырушы Б.Лепесова
3	Спорттық	Қозғалмалы	Қысқы	Турнир,	Дене

	белсенділік	ойындар	спорт	жарыс	шынықтыру пәні мұғалімдері
4	Шығармашылық шеберлік	Қолөнер	Жаңа жылдық жоба	Волонтерлік акция	Үйірме жетекшісі Б.Игілік
5	«Кітаппен өткен демалыс»	Ертегі оқу	Кітап талдау	Пікірталас	Ж.Байтурсынова, мектеп кітапханашысы А.Коздибаева
6	Отбасылық демалыс күні	Сурет, фото	Отбасылық ойын	Әлеуметтік жоба	Сынып жетекші
7	Онлайн қауіпсіздік	Мульт фильм	Нұсқаулық	Дебат	А.Смадияр - психолог Ж. Алмухаш-кәсіптік бағдар беруші
8	Қорытынды кері байланыс	Сурет, видеоролик тер	Сауалнама	Ақпараттарды жинақтау	ДТЖО, Сынып жетекші

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың бос уақыты тиімді және қауіпсіз ұйымдастырылады
- Спорттық және шығармашылық белсенділік артады
- Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы күшейеді
- Ата-анамен ынтымақтастық нығаяды.

Қысқы демалыс кезеңінде мектепте оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Іс-шаралар 1-11 сынып оқушыларының барлығын қамтыды және тәрбиелік, спорттық, танымдық, қауіпсіздік бағытында ұйымдастырылды.


1. Қатысу деңгейі

Сыныптар	Оқушылар саны	Қатысқан оқушылар	Қатысу пайызы (%)
1-4 сынып	739	678	91,7
5-8 сынып	792	645	81,4
9-11 сынып	392	287	73,2
Барлығы	**1923**	**1610**	**83,7**

Өткізілген негізгі бағыттар:

- Қауіпсіздік сағаттары (қысқы демалыс, мұз үстіндегі қауіпсіздік, интернет қауіпсіздігі)
- Спорттық және қозғалыс ойындары
- Шығармашылық және танымдық іс-шаралар
- Отбасымен бірлескен демалыс түрлері
- Кітап оқу, интеллектуалдық тапсырмалар.

Аталған бағыттар бойынша оқушылардың қатысы туралы көрсеткіш мониторингісі



Қауіпсіздік сағаттары 5-8 сыныптар арасында жүргізілді. Оқушылардың белсенділігі қанағаттанарлық. Интернет желісінде жиі отыратын оқушылардың көптігі анықталды. Мектеп психологы назарында ұстау керектігі ескертілді.

Спорттық және қозғалыс ойындары барысында 5-10 сыныптар белсенді болды. Спортты үйірмелерге қатысатын оқушылар түрлі эстафеталық сайыстарға қатысты. Футбол,волейбол үйірмелеріне тартылған оқушылар топтасып,бірлесіп жетекшілерімен ойнады. 1-4сынып оқушылары түрлі эстафеталық ойындар ойнап, белсенділік танытты. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері оқушылардың жеке бас гигиенасымен қатар, қауіпсіздік ережелерін ескертіп отырды.

Шығармашылық және танымдық іс-шаралар әлеуметтік жобаларды қамтыды. 5-8 сыныптар мектеп парламентінің ұйымдасытруымен өткен зияткерлік сайыстарға қатысып, өздерінің танымдық белсенділіктерін арттырды. 7-8 сыныптар эссе жазу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытты. Шығармашылық шеберлік сағаттары да ұйымдастырылып, 7-сыныптар жаңа жылға арналған қолөнер бұйымдарын жасады.

1-4 сыныптар «Кітаппен өткен демалыс» тақырыбы бойынша сынып жетекшілері тапсырған ертегілерді оқып оларды талдады. 5-8 сыныптар белгілі бір жазушының шығармасын оқып.оны талдау,оған тест жұмысын жасақтау сияқты түрлі жұмыстарды орындады. 9-11 сыныптарға интелелктуалды сайыстар мен түрлі зиятукерлік сұрақтар қойылып, оларға жауап беру барысында ізденімпаздық қабілеттері артты.

Анықталған кемшіліктер

Талдау барысында төмендегідей кемшіліктер анықталды:

- Кейбір оқушылардың іс-шараларға қатысу белсенділігі төмен болды;
- 9-11 сынып оқушыларының қызығушылықтарының жеткіліксіздігі анықталды. Ата-аналардың барлығы бірдей бақылау мен қолдау көрсетпейтіндігі байқалды;
- Сынып жетекшілердің де белсенділігі төмен екендігі көрінді және берілген тапсырмалар уақытылы орындалмады.

Кейбір сыныптарда бос уақытты жоспарлау жүйелі түрде жүргізілмеген.
Отбасымен қызықты демалыстар жүргізілмейтіні көрінді.

Ұсыныстар:

- Жоғары сынып оқушыларына арналған қызықты форматтағы (квест, дебат, волонтерлік) іс-шараларды көбейту;
- Ата-аналармен бірлескен демалыс түрлерін жиі ұйымдастыру;
- Әр сыныпта оқушылардың бос уақытын жоспарлау бойынша жеке мониторинг жүргізу;
- Сынып жетекшілердің белсенділігін арттыру;

Қорытынды

Қысқы демалыс кезеңінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде жүргізілді. Іс-шаралар оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, шығармашылық және спорттық белсенділігін арттыруға бағытталды. Анықталған кемшіліктер ескеріліп, алдағы демалыс кезеңдерінде жұмыс сапасын арттыру көзделеді.

8. ШЕШІМ ЕТТІ:

8. Балалардың сабақтан тыс уақытын тиімді әрі қауіпсіз өткізуін қадағалау мақсатында кешенді іс-шаралар жоспары бекітіліп, оның жүзеге асырылуы бақылауға алынсын.

Төраға **Ж.С.Бөкен**

Хатшы **А.А.Оразбаева**